

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика факультеті 6D010200 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша 3 курс докторанты Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### пікір

Қазіргі кезде оқушылардың физикалық жетілуі мен салауатты өмір салты қажеттілігінің қалыптасуы жөнінде айтарлықтай жиі сөз қозғалады. Дегенмен, бұл міндеттерді айналысатын адамдардың қозғалыс дағдысы мен физикалық қасиеттерін ықтиярсыз түрде қалыптастыру процесін құрайтын денсаулық тәрбиесіне дәстүрлі түрде қарау аясында шешу мүмкін емес.

Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Себебі әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сонымен қатар еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Яғни адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі.

Адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – бұл тек қана және айтарлықтай медицинаның ғана міндеті емес, белсенді дамып келе жатқан қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында, барлық қоғамды жалпы алғанда, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім және табиғат пен адамның терең мәнін, оның психикалық және рухани жағдайын түсінуге ғана арқа сүйей отырып шешімін табатын оқыту мен тәрбие жүйесінің де міндеті. Қазақстан Республикасында адамдардың денсаулығын сақтау мен қамқорлық жасау мемлекет саясатының басты бағыттарының бірінен саналады.

Өскелең ұрпақты салауатты өмір салтында тәрбиелеу мәселесі, өз баспа еңбектерінде адам барлық жағдайда ұстамдылық қағидасына сүйене отырып өз денсаулығына өзі қамқорлық жасауы тиіс екендігін, денсаулықты нығайту барысында табиғи қажеттіліктерді қолданудың маңызды екендігі ескертетін қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың да басты назарында болған.

Докторанттың жүргізген психологиялық-педагогикалық әдебиет талдамасы, өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі тың тақырып емес екендігін көрсетеді. Дегенмен, арнайы бастауыш мектеп оқушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру оның ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық жағдайымен қоса жеткілікті зерттелмеген екендігін және арнайы ізденісті талап ететіндігін айқындаған.

Осы орайда, диссертант Жапанова Р.Н. таңдаған проблемасы бастауыш мектептің бүгінгі таңдағы көкейтесті бағыттарының бірі деуге болады.

Зерттеудің мақсаты - бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды ғылыми тұрғыдан негіздеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда диссертант мынадай ғылыми жаналықтарға қол жеткізген:

– бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың тұжырымдамасының теориялық талдауы негізінде «өмір салты», «денсаулық» ұғымдарын мәні нақтыланды және «бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» ұғымының авторлық анықтамасы берілді;

– бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары жасалды;

– жас ерекшеліктері ескеріле отырып, білім алушылардың салауатты өмір салты дағдылары қалыптасу деңгейлерінің өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру моделі құрастырылды;

– бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі әзірленіп оның тиімділігі эксперимент барысында тексерілді.

Сонымен қатар, зерттеудің практикалық маңыздылығын ерекше атап өткен жөн яғни теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар оқушылардың бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру процесін жақсартуға мүмкіндік беретіндігі, осы мәселенің тиімді шешілуіне әсер ететіндігі болып табылады.

Авторлық «Саулық сыры» атты әдістемелік құралы, сыныптан тыс сабақтардың арнайы әзірленген бағдарлама мен оны жүзеге асыру әдістемесі, «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құралы әзірленді.

Диссертациялық жұмыста авторлық экспериментті бағдарламаның мазмұны, оны іске асыру әдістері қарастырылған, эксперименталды жұмыс нәтижесіндегі білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру критериилері мен көрсеткіштері ұсынылған, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру барысындағы мұғалім дайындығының өзектілігі мен ерекшеліктері негізделген, бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру әдістемесі тәжірибелік тұрғыдан негізделіп сынақтан өткізілген және олардың нәтижелеріне талдау жасалған.

Жалпы, диссертациялық жұмыс логикалық тұрғыдан дұрыс жазылған, ұсынылған құрылым мен мазмұн өзара байланысқа ие, ғылыми теориялар мен әдіснамалық тұғырлар негізделген жұмыс және алынған ғылыми нәтижелері жаңа болып есептеледі.

Осыған орай, Жапанова Риза Набиевнаның «Бастауыш мектеп білім алушыларының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ресми қорғауға ұсынамын.

Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Л.Н. Бумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.



Кертаева К.М.